

**Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Қостанай заң колледжін Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Қостанай жоғары мектебі етіп қайта құру туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 8 сәуір N 396. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1998.04.20. N 348 қаулысымен. ~P980348

Ішкі істер органдары үшін жоғары білікті заң кадрларын даярлау жөніндегі құқықтық реформалар бағдарламасының талаптарын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Қостанай заң колледжі "Құқық тану ғылымы" мамандығы бойынша 1996 жылдың қыркүйегінен бастап жыл сайын 250 адам қабылдайтын ішкі істер органдарының жоғары білімді басшы құрамын даярлау жөніндегі Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Қостанай жоғары мектебі етіп қайта құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Қостанай жоғары мектебін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Қостанай заң колледжінің және Қазақстан Республикасының Ішкіісмині оқу орындарының, тұрақты және ауыспалы құрамаларының штат санының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкіісминіне 1996 жылға бөлінген адам саны мен қаржы қаражаты шегінде жүзеге асырылсын.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі:

Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Қостанай жоғары мектебіне басшы және профессорлық-оқытушы құрамының білікті кадрларын жинақтасын; ауыспалы құрамды сапалы және дер кезінде жинақтауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1997 жылдан бастап, орта арнаулы оқу орындарының нормаларына сүйене отырып, аталған оқу орнын ұстауға және оның материалдық-техникалық базасын нығайтуға республикалық бюджетте қажетті қаражат көздесін.

5. Қостанай облысының әкімі Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Қостанай жоғары мектебіне профессорлық-оқытушы құрамы үшін тұрғын үй бөлуде көмек көрсетсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК